

“Арқалық қаласы әкімдігінің қалалық тілдерді оқыту орталығы”

KMM


IV тарау

МЕМЛЕКЕТ



СІ жоғары деңгей

Қазақ тілінің оқытушысы : Жазира Смағұлова





Тапсырмалар орындау

ЖАЗЫЛЫМ



**1. Әр жолдан бір артық сөзді
сызып тастаңыз.**

бейбітшілік	тыныштық	асығыстық	ынтымақтастық	ауызбіршілік
бірлік	береке	ынтымақ	тығыздық	татулық
бақыт	жарқын	шаттық	қуаныш	сүйініш
ел	халық	мемлекет	ұлт	өмір
басшы	барша	бүкіл	жалпы	барлық

ЖАЗЫЛЫМ



2. Сурет пен мәліметті сәйкестендіріңіз.

1



2



3



•Авторы – Шәкен Ондасынұлы Ниязбеков.

•Ұлы дала көшпенділері айрықша қастер тұтқан өмір мен мәңгіліктің символы.

•Тәуелсіз Қазақстанның тарихында екі рет – 1992 және 2006 жылдары бекітілді.

•1998 жылғы 6 мамырда Елбасы Жарлығымен атауы өзгертілді.

•1995 жылы 30 тамыз күні жалпыхалықтық Референдум негізінде қабылданды.

•Диалектілерге бөлінбейтіні ғылыми түрде дәлелденген.

4



5



6





4.Оқыңыз



Тыныштық пен тұрақтылық – мемлекет үшін басты құндылық

Қазір барлық адамзат баласының тілегені - бейбітшілік пен тыныштық, ауызбіршілік пен ынтымақтастық. Себебі мемлекетіміздің болашағы, онда өмір сүріп жатқан әрбір ұрпақтың келешегі осындай ұлы ұғымдарға тікелей байланысты. «Бірлік бар жерде – тірлік бар». Ауызбіршілігі жоқ елде еш уақытта береке мен ынтымақ орнамайды, нәтижелі көрсеткіш те, көрініс те болмайды. «Бақыт, қайда барасың?», – дейтін аңыз бар ғой. Сонда Бақыт: «Ынтымақты үйге барамын, бейбіт елге барамын» деген екен.

«Ынтымағы жарасқан бейбіт елдің – болашағы жарқын», – деген Елбасы сөзі еліміздегі тұрақтылық пен бейбіт өмірдің айқын дәлелі екені сөзсіз.

Біз тәуелсіздігіміздің ширек ғасырдан артық уақытында жеткен жетістігімізді ғасырлар бойы жалғастыруға мүмкіншілігі бар елміз. Бүгінде экономика қарыштап дамып, әлеуметтік мәселелер шешімін тауып, халықтың өмір сүру деңгейі өсіп жатыр. Енді бізге не керек? Бізге керегі – ел болып осы игілікті істерді әрмен қарай жалғастыруымыз қажет.

Мемлекетімізде әлемдегі дамыған 30 елдің қатарына кіру мақсатында көптеген іс-шаралар атқарылуда. Міне, осының барлығы – елдегі ауызбіршіліктің нәтижесі, экономикамыздың өскендігінің белгісі.

Мәселен, тәжірибе жүзінде біз көрші мемлекеттердің жағдайын көріп отырмыз. Ішкі және сыртқы бүлік пен іріткіден, дін саласындағы тәртіпсіздіктер мен алауыздықтан бейбіт халқы қырғынға ұшырап, қалғаны азып-тозып, босып, дүниежүзінің әрбір түкпірінде жүрген қаншама елдер бар. Сондықтан қазақ қоғамындағы барлық азаматтар елдегі тыныштық пен тұрақтылықтың басты құндылық екенін түсінуі қажет.

1. Мәтін мазмұны бойынша сызбаны толтырыңыз.



Сабақты қорыту

2. Мәтін бойынша «Төрт сөйлем» тәсілін пайдаланып, пікіріңізбен бөлісіңіз.

Пікір	
Дәлел	
Мысал	
Қорытынды	



**НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА
РАҚМЕТ!**